

Егемен Қазақстан

Egemen.kz

Сайын Назарбекұлы: Ұлттық тәрбиенің қайнары – қазақ тілі

Жүртшылық Сайын ағамызды құрылышы, сәулетші ретінде жақсы таниды. Өткен мен бүгінді өлеңмен өргені де белгілі. Енді ол кісіні «Ұлт анысы – қазақ тілі. 9 ақиқат... 99 сұхбат» атты жинағы арқылы тәжірибелі ұстаз екенін танып отырмыз. Бүгінгі әңгімемізді автормен осы еңбегі туралы өрбіттік.

- Қолыңызда ұстап отырған кітапты жазуыңызға не түрткі болды?

– Сөзді әріден бастайын. Үш ғасырға жуық бодандықтың қамытын киген халқымыз 1991 жылы тәуелсіздігін жария етті. Бұл біздің жасымыз дәл елуге толған кез еді. Басымызға бостандық, тілімізге теңдік, санамызға жігер алған біз егемен Қазақстанымызға өз кірпішімізді қаламақ болдық.

Менің осы кездегі жағдайым туралы жан досым Әбіш Кекілбайұлы: «Сайын 50 жасында егемен елімен бірге қайта туып, бір қолына қалам, бір қолына қалақ алып кірісті», деген еді. Оның осы сөзі таза шындық болатын. Мен 1992 жылы Әбекеңнің айтуымен, ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың басына күмбез тұрғызғаннан бастап, отызға жуық тарихи тұлға басына ескерткіш орнатқан екенмін. Соның ішінде Абай мен Шәкәрім кесенесі де бар. Тәуелсіздік қуанышы біздің бойымыздағы түрлі бастаулар көзін ашып жібергендей болды. 25 жыл тыныштық көрмей, дала кезіп, жұмыс істей жүріп, қолымнан қаламымды түсірмедім. Тоғыз томдық шығармалар жинағым жарық көрді. Жазған драмаларым қойыла бастиды. Уақыт бәрін де жеңеді ғой. Бізді де жеңген секілді болды. 2016 жылы 75 жасқа толғасын қалақтың ауырлай, қаламның мүқала бастағанын сезіне бастидық.

Енді не істеймін деген ой бізді жиі толғандыратын болып алды. Абай кесенесі, Абай ойлары мені жаңа рухани белеске шығарып кеткендей еді. Мен Абай қазынасын жас ұрпақ тәрбиесіне пайдалану қажетін жантәніммен сезіндім. Содан «Абай әлеміне саяхат» атты кітап жазып, клуб құрдым. Осы еңбегім арқылы мұғалімдер мен оқушыларға кеменгер тұлғаның шығармашылығын жақын таныстыра бастидым. Абайдың 45 қарасөзінің мағынасын ашып, түсінік жаздым. Осындай ұлттық тәрбиеге бағытталған жұмыстар ақырында «Ұлт анысы – қазақ тілі» атты қоғам құруға жеткізді.

- Енді осы еңбегініздің атауы мен мазмұны туралы айтсаңыз?

– Қазақ тілінің тағдыры мені қатты толғандырады. Шын мәнінде, тіл – ұлттың жаны. Сондықтан жинағымды «Ұлт анысы – қазақ тілі» деп атадым. Ал «9 ақиқат... 99 сұхбат» дегеніміз тараулар атауы. Мұнда өзім оқыған тарихи деректер, ұлылардың нақыл сөздері, ірі тұлғалардың өмірбаяны, авторлық пайымдау, естелік секілді дүниелер жинақталды. Басты мақсат – жастарға тағылымды тәрбие беру. Бізді ұлттық болмысымыз берілген анықтама мен келеді. Абайдың өзі «Қартайдық қайғы ойладық, ұлғайды арман» дегені бекер емес. Шыны керек, біз қазіргі

әлемдік бәсеке жарысына кенжелеу қосылған жүртпрыз. Сондықтан жастарымыздың тәрбиесіне баса назар аудару, ұлттық тәрбиенің қайнары – қазақ тілі екенін ұғындыру басты міндеп.

- **«9 ақиқат, 99 сұхбат» деп аталатын тарауларға кеңірек тоқталасыз ба?**

- Мәселен, «9 ақиқат» бөлімінде «Ұлы жаратылыс», «Адам ата – Хая Аны», «Абыл мен Қабыл», «Қазақ халқы», «Қазақ тіл», «Қазақ халқының жазу өнері», «Тектілік және қазақтың үш жүзі», «Отыз жыл қанша уақыт?», «Жаңа Қазақстан. Әділетті Қазақстан» атты ұғымдарға қысқаша түсінік берілген. Ал «99 сұхбат» атты сұхбаттарда халқымыздың тарихы мен тұлғалары туралы кең әрі нақты деректер келтіріледі. Сондай-ақ оқушыларға арналған «99 асық сынағы» үш кезеңді білік жарысын ұйымдастыру біздің қоғамымыздың бір сәтті табысы дейміз.

- **Бұл қандай білік жарысы?**

- Оқушылар бірінші сыныптан бастап қоғамға мүшелікке тартылады. Көп нәрселерді өздері ұйымдастырып, өздері істейді. Қоғам мүшелерінің біліктілігі үш сатылы білік жарысымен ұдайы тексеріліп отырады. Оқушылардың үш тақырып бойынша білімдері сыналады. Жарысқа қатысушы 99 асық салынған қалтадан бір бірлеп үш асық алады. Мысалы, оқушыға 1-асық (мақал: Егінің өнбесе, қайғысы бір жылдық; балаң онбаса, қайғысы ғұмырлық), 82-асық (өлең: желсіз түнде жарық ай), 86-шы асық (тектілік баспалдағы: орыс жеріне моңғол тайпасы жетпеген) тап болды делік. Жарыс барысын үш ұстаз қадағалап отырады. Олардың алдында 99 сұрақтан тұратын үш дәптер жатады. Біріншісінде 99 мақал мәтіндері, екіншісінде 99 қазақ халық өлең атаулары, үшіншісі – «тектілік баспалдақтары» атты тарихи деректер. Бірінші алған асығы бойынша оқушы аталарының әлгі мақалмен оған не деп тұрғанын түсіндіріп береді. Екінші, үшінші асықтар жауабы да тыңдалып, әр жауапқа ең жоғарысы 11 ұпайдан баға қойылады.

- **Аталған кітапты қоғамдық бағдарлама ретінде мектеп оқушыларына ұсынғанда қандай мақсат көзdedіңіз?**

- Бұл – біздің ұзақ жылдық ойымыздан туған асыл арманымыз. Осы бағдарламаны мектеп оқушыларының рухани тәрбиесіне көмекші құрал ретінде ұсындық. Мақсатымыз – балалардың өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі жетілдіруге құмарлығын арттыру.

Осы бағытта олардың бойына 11 қасиетті сіңіруді көзделдік. Мәселен, оқушылардың 99 халық әнін жатқа біліп, айта алуы, 50 кітап оқуы, көлемді үш мақала жазуы, 200 мақалды айттып, оның мағынасын түсіндіруі, халқымыздың әдет-ғұрпын сақтауы, шешендердің сөзін көпшілік алдында түсінікті, қызықты етіп айта білу және тектілік ұғымы мен отбасылық құндылықтарды дәріптеу секілді қасиеттерге баса назар аударылды. Ең басты меже – мектеп бітірген әр бала 12 мың жол өлеңді жатқа біліп шығуға тиіс.

Әр азаматын осылай тәрбиелей алған мемлекет өркендерген елге айналары сөзсіз. Жалпы, «ақыл», «білім», «адамгершілік», «тектілік» секілді қасиеттер адам болмысына баяу жиналады. Жас кезінде оны көпшілігі білуге де, пайдалануға аса құмар болмайды. Ал жағымсыз қылықтар қара қүйе секілді бірден жүғады. Содан кейін жастар уақыт қадірін түсінбейді. Әлі жаспыз дейді. Кейбіреулер отызында өзін жас санап, тіпті қырыққа дейін өзін-өзі толық басқара алмай әркімнің жетегінде жүреді. Дұрыс жолға түсे алмай адасады. Қоғам мен өз ошағына, ділі мен дініне жат қылықтарға барады. Біздің бағдарламаның мақсаты жастарды осындай жаман әдеттен жас басынан сақтандырып, оларды текті азамат етіп өсіруге атсалысу.

- Осы бағдарламамен жұмыс істеп жатқан мектеп бар ма?

- Мәселен, Маңғыстау облысы Бейнеу ауданындағы 22 мектебі келесі оқу жылынан бастап, осы бағдарламамен жұмыс істей бастайды. Ал Мұнайлы ауданының №10 мектеп мұғалімдері мен оқушылары осыны оқу бағдарламасына енгізді. Жемісі де мол. Қазір бұл білім ордасы еліміздегі ең озық мектептер қатарына енді. Негізінен, бұл қоғамдық жұмыс, рухани тәрбие ретінде атқарылады. Бұл бағдарламаға Ыбырай Алтынсарин атындағы Білім академиясының мамандары да қызығушылық танытып отыр.

- Жинақта тарихымызға да ерекше назар аударыпсыз...

- Адамзатты саналы адам атандыратын олардың тарихы болса, сол ұлы тарихқа қосқан қазақ халқының да үлесі мол. Біздің ежелгі тарихымыз көне түріктер тарихы деп аталады.

Біз өзіміздің қазіргі жобамызды білеміз ғой, ал ертедегі бабаларымыздың қандай болғаны туралы жастарға бірнеше дерек ұсына кетейін.

... Бұдан бес мың жыл бұрын көшпелі ел шумерлердің қала салып, жазу жазып, көлемді «Гильгамеш батыр» атты дастанын жазғаны анықталып әлемді таңғалдыrsa, сол мәдениеттің мұрагері қазақ халқы;

...Алтайда темір балқытып, патшаларын алтынмен атап жерлеген;

...Бірнеше жылқының еті сыйып кететін скифтер қазаны - Түркістандағы тайқазан о да қазақ халқының еншісі;

...Бүгін біреуден тыңдаған жырын ертең жатқа айтып беретін - біздің бабаларымыз;

«Адамзаттың бәрін сүй бауырым» деп айтқан да қазақ.

Қысқасы, Поляк А.Янушкевичке: «Егер қазақ халқын әлемді шыр айналдыра қоныстандыrsa, онда кез келген жолаушы қалтасынан бір тиын шығармай бүкіл әлемді айналып шыға алар еді», деп айтқызған біздің халқымыздың мейірбандылығы...

- Жақсы-жайсанған бірге жүрдіңіз. Көпті көрдіңіз. Орындалмаған арманыңыз бар ма?

- Айналайын, жұмыр басты пенденің арманы таусыла ма? Менің сәuletші ретінде көкейімнен кетпейтін бір өкінішім бар. 1993-1995 жылдары маған Абай кесенесін тұрғызу тапсырылды. Абайдың 125 жылдық тойында ақын мүрдесінің басына гранит ескерткіш қойылған

екен. Сонда құрылышылар мүрденің үстіне 60 тонналық бетон құйған. Абайдың 150 жылдығына байланысты кесене жұмысы басталарда осы бетонды алып тастау туралы жергілікті құрылышыларға тапсырма берілген болатын. Бірақ бетон алынбай қалып қойды. Бұл мәселені көптен бері көтеріп келемін. Тіпті Назарбаевтың қабылдауында болып әңгіме еткенмін. Әзірше, нәтиже жоқ. Көзім тірісінде осы өкінішімді орындаған кетсем деймін. Ол тек қана Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев шешімімен жүзеге асатын шаруа секілді. О кісіге де екі рет хат жаздым. Бірақ біздің хаттарымыз иесіне жетпейтін секілді.

Ал арман туралы әңгіме ететін болса халқымыз «Армансыз адам қанатсыз құспен тең» депті. Отбасым аман, балаларым азамат болды, немерелерім де жақсы өсіп жатыр. Бұған шүкіршілік етемін. Бір адамдай баянды ғұмыр кештім. Ешкімге кіріптар болған жоқпын. Ешкімнен қарғыс естімедім...

Дегенмен жасым тоқсанға қадам басқалы, ертеңгі күн жақындаған сайын бір арман мені ілгері жетелейтін секілді. Ол арман – жастардың рухани санасы! Бұл арманның орындалуы енді біздің Оқу-ағарту министрлігіміздің «Ұлт анасы – қазақ тілі» бағдарламасына қалай қарайтынына байланысты.

Отанымыздың барлық қазақ мектептерінде жастарымыздың ұлттық болмысын, тектілік түсінігін, өз ұлттының ұлылығына деген мақтанышын, ана тіліне деген сүйіспеншілігін жоғары деңгейге жеткізе алған күнді көзімізben көріп, көкірегімізben сезінсек, бұл өмірден армансыз өтер едік...

- Әңгіменізге рахмет.

Әңгімелескен
Азамат ЕСЕНЖОЛ